



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

28.10.2021 № 2-011506-21-73942
30.09.2021 ЖЫЛҒЫ ДС

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттарына
(тізім бойынша)**

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (бұдан әрі - БП) Т.Арданға, Қ.Сұлтанбековке халықаралық іздестіру жариялау және «Астана LRT» жобасы құрылысы кезінде жымқырылған бюджет қаражатын қайтару бойынша шаралар қабылдамау туралы депутаттық сауалды қарады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің сұрау салуы бойынша іздестірілудегі Т.Арданға (03.04.2019 ж.) және Қ. Сұлтанбековке (08.11.2019 ж.) ҚР ПМ Интерпол арналары бойынша халықаралық іздестіру жарияланғанын хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта аталған адамдарға қатысты халықаралық іздестіруді жариялау туралы ақпарат Интерполдың деректер базасында орналастырылған, ол Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (бұдан әрі - Ұйым) қатысушы елдердің құқық қорғау органдарына арналған және олар ғана пайдаланады.

Интерполдың жария сайтында көрсетілген мәліметтер Ұйымның ішкі саясатына байланысты толық болып табылмайды, онда террористік қылмыстар, адам өлтірулер, қарақшылық шабуылдар және т. б. үшін іздестірілетін адамдар туралы мәліметтерді ашық қолжетімділікте жариялауға баса назар аударылады.

Барлық жағдайларда Интерполдың жария веб-сайтында жариялау туралы түпкілікті шешімді Ұйымның Штаб-пәтері қабылдайды.

Т.Арданның Түркия Республикасының аумағында болуы туралы қолда бар ақпаратқа байланысты аталған мемлекеттің құзыретті органдарына оны беру туралы сұрау салу жіберілді (28.09.2019 ж. №2-013602-19-61809).

15.04.2021 жылы Түркияның Интерполынан Стамбул қ. «Бақыркей» ауданының қылмыстық соты ҚР БП-ның ұстап беру туралы сұрау салуы негізінде Т.Арданды қамауға алу (сырттай) туралы қаулы шығарғаны туралы ақпарат алынды.

Қазіргі уақытта Түркия аумағында іздестірілушіні анықтау және ұстау бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Сондай-ақ Қ.Сұлтанбековтің Америка Құрама Штаттары аумағында анықталуына байланысты АҚШ Әділет министрлігінің атына оны ұстап беру туралы сұрау салу жіберілді (ҚР БП-ның 24.07.2020 ж. № 2-013602-20-42599 хаты). Сұрау салу америкалық тараптың қарауында жатыр.

Тергеу барысында анықталған залал сомасы 5,8 млрд теңгені құрады, бұл ретте, Қ.Сұлтанбековтің және Т.Арданның тікелей жымқырған үлестерін анықтау мүмкін болмады (оларға қатысты қылмыстық іс жеке іс жүргізуге бөлектеніп алынды).

Жалпы, тергеу барысында іс бойынша 45 млн теңгені өтеу қамтамасыз етілді.

Өткізілген іс-шаралармен бағалау құны 3,08 млрд теңге болатын Қ.Сұлтанбековтің атына тіркелген мүлік (Алматы қ. салынған тұрғын емес үй-жайы бар жер учаскесі мен пәтер) анықталды. Аталған мүлікке тергеу сотының 22.01.2020 жылғы қаулысы бойынша тыйым салынды.

Т.Арданның тыйым салынуға және тәркіленуге жататын мүлкі анықталмады.

Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметтері бойынша, аталған адамдардан және олардың айналасынан, оның ішінде басқа елдерде қандай да бір активтер анықталмады. Активтерді шетелге шығару немесе ҚР аумағынан тыс қандай да бір мүліктің болу фактілері де анықталған жоқ.

Қылмыстық шығу тегі бар және шет елдердегі ақшаны, құндылықтар мен мүлікті анықтау, қадағалау, тоқтатып қоюға бастамашылық ету мәселелері Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген, оны іске асыру шеңберінде олар халықаралық тәжірибені және ғылыми қоғамдастықтың пікірін зерделеу арқылы егжей-тегжейлі пысықталатын болады.

Бас прокуратура БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс бойынша басқармасының (бұдан әрі – БҰҰ ЕҚБ), Еуропалық одақтың, Еуропа Кеңесінің, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі – ФАТФ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі - ЕҚЫҰ), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (ГРЕКО) жаһандық және өңірлік деңгейлерде іске асырылатын жобаларына қатысудың нәтижелілігін арттыруға ерекше назар аударады.

Мысалы, БП өкілдері БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларының шеңберінде халықаралық ынтымақтастық және ұрланған активтерді қайтару жөніндегі сараптамалық жұмыс топтарының қызметіне белсенді қатысуда.

Бұл 2017-2020 жылдары БП-ға прокурорлар мен тергеушілердің бейресми клубтары болып табылатын «CARIN» (Еуропа және АҚШ), «Agin-AP» (Азия және Океания) және «Agin-WCA» (Батыс және Орталық Азия) активтерді қайтару желілеріне қосылуға мүмкіндік берді.

Оларға мүшелік тікелей байланыс орнатуға және активтерді қайтару бойынша басқа да өңірлердегі «ARIN-CARIB» (Кариб аймағы), «ARIN-EA» (Шығыс Африка), «ARINSA» (Оңтүстік Африка), «ARIN-WA» (Батыс Африка), «RRAG» (Латын Америкасы) әлемдік желілерде ұсынылған әлемдегі кез келген прокурормен ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

БП осы тәжірибенің негізінде шетелде қылмыстық кірістерді іздеудің, тыйым салудың және тәркілеудің әдістемесін, сондай-ақ құқықтық көмек туралы сұрау салудың бірыңғай стандартын әзірледі. Осы құжаттар Еуропалық Одақтың,

АҚШ-тың, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің талаптарына негізделген. Олар құрылымдалған және қазақстандық сұрау салулардың сапасын арттырады.

Соңғы жылдары Бас прокуратура құқықтық көмек туралы, оның ішінде мемлекеттер арасында тәркіленген мүлікті беру туралы ережелерді қамтитын шарттарды жасау жөніндегі жұмысты едәуір жандандырды.

Бүгінгі күні Қазақстан аталған салада 27 екіжақты шарт жасасты.

Қазақстан АҚШ-пен (2015ж.), Ұлыбританиямен (2015ж.) және Монако Князьдігімен (2015ж.) құқықтық көмек туралы шарттар жасасқан ТМД-ның жалғыз мемлекеті болып табылады.

Қазіргі уақытта Франциямен қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт қол қоюға дайындалуда, Грекиямен, Португалиямен, Кипрмен, Словакиямен осындай шарттарға қол қою үшін тұжырымдамалық келісімге қол жеткізілді. Олардың редакцияларын келісу бүгінде сарапшылық деңгейде жүзеге асырылуда.

Бұдан бөлек, Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының қатысушысы болып табылады, бұл да бізге осы халықаралық құжат шеңберінде ұрланған мүлікті қайтаруға байланысты мәселелерді толық көлемде шешуге мүмкіндік береді.

Қылмыскерлерді іздестірудің заңдылығы мен тиімділігі, жымқырылған мүлікті анықтау және қайтару мәселелері Бас прокуратураның тұрақты бақылауында тұр.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов

1. М.Б. Раманқұлов
2. А.Т. Перуашев
3. А.Р. Әбілдаев
4. Е.Х. Барлыбаев
5. Б.С. Дүйсембинов
6. С.С. Ерубаяев
7. Д.М. Еспаева
8. А.Қ. Жұмабаева
9. Қ.Ж. Иса
10. А.Г. Линник
11. Е.Қ. Өмірғали
12. Ғ.Б. Хамзин
13. Қ.И. Нұров



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

28.10.2021 № 2-011506-21-73942

ДЗ от 30.09.2021г.

**Депутатам Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
(по списку)**

Генеральной прокуратурой Республики Казахстан (далее - ГП) рассмотрен депутатский запрос о непринятии мер по объявлению в международный розыск Ардан Т., Султанбекова К. и возврате похищенных бюджетных средств при строительстве проекта «Астана LRT».

Сообщаем, что по запросу Антикоррупционной службы разыскиваемые Ардан Т. (03.04.2019г.) и Султанбеков К. (08.11.2019г.) объявлены в международный розыск по каналам Интерпола МВД РК.

В настоящее время информация об объявлении международного розыска в отношении указанных лиц содержится в базе данных Интерпола, которая предназначена и используется только правоохранительными органами стран-участниц Международной организации уголовной полиции (далее – Организация).

Сведения, указанные на публичном сайте Интерпола, не являются полными в связи с внутренней политикой Организации, в которой акцент делается на публикацию в открытом доступе сведений о лицах, разыскиваемых за террористические преступления, убийства, разбойные нападения и др.

Во всех случаях окончательное решение о публикации на публичном веб-сайте Интерпола принимается Штаб-квартирой Организации.

В связи с имеющейся информацией о возможном нахождении Ардан Т. на территории Турецкой Республики, компетентным органам указанного государства направлен запрос о его выдаче (исх.№2-013602-19-61809 от 28.09.2019г.).

15.04.2021 года получена информация из Интерпола Турции, что уголовным судом района «Бакыркей» г.Стамбул на основании запроса о выдаче ГП вынесено постановление о заключении под стражу Ардан Т. (заочно).

В настоящее время на территории Турции проводятся мероприятия по установлению и задержанию разыскиваемого.

Также в связи с установлением Султанбекова К. на территории Соединенных Штатов Америки в адрес Министерства юстиции США направлен запрос о его выдаче (исх. ГП РК № 2-013602-20-42599 от 24.07.2020г.). Запрос находится на рассмотрении американской стороны.

Установленная в ходе следствия сумма ущерба составила 5,8 млрд тенге, при этом определить долю, похищенную непосредственно Султанбековым К. и

Ардан Т. (в отношении которых уголовное дело выделено в отдельное производство), не представилось возможным.

В целом, в ходе следствия по делу обеспечено возмещение 45 млн тенге.

Проведенными мероприятиями установлено имущество, зарегистрированное за Султанбековым К. (квартира и земельный участок с построенным нежилым помещением в г. Алматы) оценочной стоимостью 3,08 млрд тенге. На указанное имущество по постановлению следственного суда от 22.01.2020 года наложен арест.

У Ардан Т. имущество, подлежащее аресту и конфискации, не обнаружено.

По сведениям Агентства финансового мониторинга, у указанных лиц и их окружения каких-либо активов, в том числе в других странах, не обнаружено. Фактов вывода активов за рубеж либо наличия какого-либо имущества за пределами РК также не установлено.

Вопросы выявления, отслеживания, инициирования замораживания денег, ценностей и имущества, имеющих преступное происхождение и находящихся за рубежом, предусмотрены в Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года, в рамках реализации которой будут детально прорабатываться путем изучения международного опыта и мнения научного сообщества.

Генеральная прокуратура уделяет особое внимание повышению результативности участия в проектах Управления ООН по наркотикам и преступности (далее – УНП ООН; является глобальным лидером в борьбе с международной преступностью), Европейского Союза, Совета Европы, Группы разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег (далее – ФАТФ), Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (далее – ОБСЕ), Группы государств против коррупции (ГРЕКО), реализуемых на глобальном и региональном уровнях.

К примеру, представители ГП принимают активное участие в деятельности экспертных рабочих групп по международному сотрудничеству и возврату похищенных активов в рамках конвенций ООН против коррупции и транснациональной организованной преступности.

Это позволило ГП в 2017-2020 гг. присоединиться к сетям по возврату активов «CARIN» (Европа и США), «ARIN-AP» (Азия и Океания) и «ARIN-WCA» (Западная и Центральная Азия), которые представляют собой неформальные клубы прокуроров и следователей.

Членство в них дает возможность наладить прямой контакт и обмениваться информацией практически с любым прокурором в мире, который представлен в других региональных мировых сетях по возврату активов: «ARIN-CARIB» (Карибский регион), «ARIN-EA» (Восточная Африка), «ARINSA» (Южная Африка), «ARIN-WA» (Западная Африка), «RRAG» (Латинская Америка).

ГП на основе данного опыта разработаны методика поиска, ареста и конфискации преступных доходов за рубежом, а также единый стандарт запроса о правовой помощи. Эти документы основаны на требованиях Евросоюза, США, стран Юго-Восточной Азии. Они структурированы и повышают качество казахстанских запросов.

За последние годы Генеральная прокуратура значительно активизировала работу по заключению договоров о правовой помощи, в том числе, включающих положения о передаче конфискованного имущества между государствами.

На сегодняшний день Казахстаном заключено 27 двусторонних договоров в указанной сфере.

Казахстан является единственным государством СНГ, с кем договоры о правовой помощи заключили США (2015г.), Великобритания (2015г.) и Княжество Монако (2015г.).

В настоящее время готовится к подписанию договор о взаимной правовой помощи по уголовным делам с Францией, достигнуто концептуальное согласие на подписание таких договоров с Грецией, Португалией, Кипром, Словакией. Согласование их редакций уже осуществляется на экспертном уровне.

Кроме того, Казахстан является участником Конвенции ООН против коррупции, что также позволяет нам в полной мере решать вопросы, связанные с возвратом похищенного имущества в рамках данного международного документа.

Вопросы законности и эффективности розыска преступников, установления и возврата похищенного имущества находятся на постоянном контроле Генеральной прокуратуры.

С уважением,

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Г. Нурдаулетов

1. Раманкулов М.Б.
2. Перуашев А.Т.
3. Абильдаев А.Р.
4. Барлыбаев Е.Х.
5. Дюсембинов Б.С.
6. Ерубает С.С.
7. Еспаева Д.М.
8. Жумабаева А.К.
9. Иса Қ.Ж.
10. Линник А.Г.
11. Өмірғали Е.Қ.
12. Хамзин Ғ.Б.
13. Нуров К.И.